

**Түпқараған ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 қазандағы № 6/47 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 30 қарашада № 3197 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 2019 жылғы 19 қарашадағы № 35/282 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 19.11.2019 № 35/282 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14285 болып тіркелген) сәйкес, Түпқараған аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Түпқараған ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Түпқараған аудандық мәслихаты аппаратының басшысы (А.Ізбен) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық - құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Түпқараған аудандық мәслихатының бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (комиссия төрағасы Қ.Озғамбаев) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Б.Қонақбаев

Аудандық мәслихат хатшысы

А.Досанова

**"КЕЛІСІЛДІ"**

**"Түпқараған аудандық**

**тұрғын үй - коммуналдық**

**шаруашылығы, жолаушылар**

**көлігі және автомобиль жолдары**

**бөлімі" мемлекеттік мекемесінің**

**басшысы**

**Ж.Қайнарбаев**

**21 қазан 2016 жыл**

Түпқараған аудандық мәслихатының 2016  
жылғы 21 қазандағы  
№ 6/47 шешіміне  
қосымша

**Түпқараған ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер**

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылына 1 есептік бірлікке келетін текше метр тарифі (теңге)
1.	Жабдықталған тұрғын үйлер	1 тұрғын	598,78
2.	Жабдықталмаған тұрғын үйлер	1 тұрғын	1493,66
3.	Қонақ үйлер және демалыс үйлері	1 орын	987,00
4.	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	197,40
5.	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банкілері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	565,88
6.	Емханалар	1 қабылдау	934,36
7.	Ауруханалар, шипажайлар, өзге де емдеу - профилактикалық мекемелер	1 керует - орын	542,46
8.	Мектептер және басқа да оқу орындары	1 оқушы	118,44
9.	Мейрамханалар, кафе, қоғамдық тамақтандыру мекемелері	1 орын	848,82
10.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, ойын автоматтарының залдары	1 орын	210,56
11.	Мұражайлар, көрмелер	1 м <sup>2</sup> жалпы аудан	85,54
12.	Спорт, би және ойын залдары	1 м <sup>2</sup> жалпы аудан	144,76

13	Азық - түлік дүкендері	1 м <sup>2</sup> сауда алаңы	1381,80
14	Өнеркәсіп тауарлары дүкендері, супермаркеттер	1 м <sup>2</sup> сауда алаңы	3 0 9 , 2 6
15	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршіктер, жайма орындар	1 м <sup>2</sup> сауда алаңы	3 3 5 , 5 8
16	Тұрмыстық үйлер: халыққа қызмет көрсету	1 м <sup>2</sup> жалпы аудан	987
17	<b>Дәріханалар</b>	1 м <sup>2</sup> сауда алаңы	401,38
18	Автотұрақтар, автожуғыштар, автокөліктерге жанармай құю станциялары, гараждар	1 машина - орын	1914,78
19	<b>Автомобиль шеберханалары</b>	1 жұмысшы	1914,78
20	Ш а ш т а р а з д а р , косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1013,32
21	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау, тұрмыстық техниканы жөндеу, тігін ательесі	1 м <sup>2</sup> жалпы аудан	1256,78

**Ескертпе:** м<sup>2</sup> - шаршы метр.